

Тесттің нәтижесі

Тесттің нәтижесі **теріс болған** жағдайда, Сізді екі жылдан кейін қайта скринингке шақырады

Қате тест **нәтижесі болған** жағдайда, гемокульт-сынаманың жаңа жинағымен процедураны қайталау қажет

Тесттің нәтижесі **оң болған** жағдайда, сізді колоноскопияға шақырады



КОЛОРЕКТАЛДЫҚ скрининг мемлекет есебінен жүргізіледі

Оны медициналық сақтандырудың бар-жоқтығына қарамастан өтуге болады

Ұйымның мекенжайы _____

Зерттеу уақыты _____

Кабинет № _____



Сіздің учаскелік дәрігеріңіз _____

Колоректалдық скрининг

Құрметті

Сізді гемокульт -сынамасынан өтуге шақырамыз!
Бұл – денсаулығыңызды сақтап, жан тыныштығыңызды қамтамасыз өтуге көмектесетін қарапайым әрі уақтылы қадам

Гемокульт-сынама

Нежістегі жасырын қанды анықтау талдауы.
Бұл тестті үйде де жасауға болады. Полиптерден немесе қатерлі ісіктерден жасырын қан кетуді анықтауға мүмкіндік береді



Скрининг не үшін қажет?
Скрининг қатерлі ісікке дейінгі полиптерді олар қатерлі ісікке айналмас бұрын анықтауға және жоюға, сондай-ақ қатерлі ісіктің өзін ерте сатысында анықтауға көмектеседі. Бұл әдетте аз емдеу қажет екенін және нәтижелері өте сәтті болатынын білдіреді. Ерте диагноз толық сауығудың жоғары мүмкіндігін және болашақта күрделі емдеуден аулақ болу мүмкіндігін білдіреді

Иммунохимиялық гемокульт-сынама

Адам гемоглобиніне қарсы антиденелердің көмегімен нәжістегі өте аз мөлшердегі, микроскопиялық қанның бар-жоғын анықтайды. Талдау үшін нәжістің шағын үлгісі жеткілікті.

Қалай дайындалу керек?

Дайындық қарапайым және ерекше күш-жігерді талап етпейді:

Зерттеуді етеккір циклінің алғашқы 3 күнінде, геморрой түйіндерінен қан кету кезінде немесе гематурия болған жағдайда жүргізу ұсынылмайды.

Шамадан тыс алкогольді ішу, аспирин құрамды препараттар және кейбір басқа дәрілер ішек шырышты қабатын тітіркендіріп, қан кетуге әкелуі мүмкін. Сондықтан тестті жүргізуге дейін 48 сағат бойы осы дәрілерді және алкогольді қолданбаған жөн.


Бұл сынаманы қолданғанда арнайы диетаны сақтаудың қажеті жоқ. Ет, бауыр, қызанақ, қызылша және басқа да пигментті тағамдарды тұтыну гемокульт-сынама нәтижелеріне әсер етпейді.

Зерттеу үшін нәжіс кез келген уақытта алына алады. Ең бастысы – «жаңа» материал болуы қажет.

Тестті қалай жүргізуге болады?


**Нәжіс зәрмен жанаспау керек!
Нәжісті алу зәр шығарғаннан кейін жүргізіледі.**

1-қадам. Қақпақты ашыңыз. Нәжістің әртүрлі бөліктерінен үлгіні алыңыз. Ұш бөлігін флаконға салыңыз. Қақпақты жауып, флаконды 5 секунд шайқаңыз



Флакон суреттегіден ерекшеленуі мүмкін

2-қадам. Флаконның екінші ұшындағы қақпақты ашыңыз. Басып, арнайы терезеге үш тамшы тамызыңыз (мысалы, S – Stool)



3-қадам. Гемокульт-сынама нәтижесін түсіндіру 3 – 5 минут ішінде арнайы терезеде жолақтар пайда болады:

2 жолақ (тест және бақылау – T және C) – нәтиже оң (нәжісте қан бар);



1 жолақ (бақылау – C) – нәтиже теріс (нәжісте қан жоқ);



Бақылаудағы жолақтың (C) болмауы – нәтиже дұрыс емес, қате.



Нәтижені медициналық қызметкерге хабарлау қажет!!!

Кімге тексеруден өту маңызды?

Барлық ерлер мен әйелдер

50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76 жасында гемокульт тестін үнемі — әр екі жыл сайын немесе дәрігердің ұсынысы бойынша өткізуі қажет.

МЕН ДЕНСАУЛЫҚТЫ ТАҢДАЙМЫН

